

## 2013 жылға Ұлан ауданы халқының нысаналы топтарын анықтау туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 желтоқсандағы N 495 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 10 қаңтарда N 2812 тіркелді. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 13 желтоқсандағы N 176 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ұлан ауданы әкімдігінің 13.12.2013 N 176 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабының 1-тармағының 13), 14)-тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5-бабының 2-тармағына, 7-бабының 2)-тармақшасына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2013 жылға Ұлан ауданы бойынша халықтың келесі нысаналы топтары анықталсын:

- 1) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 2) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 3) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 5) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 6) мүгедектер;
- 7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 8) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
- 9) оралмандар;
- 10) табысы аз адамдар;

11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;

12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;

13) 50 жастан асқан әйелдер;

14) 55 жастан асқан ерлер;

15) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар.

2. «Ұлан аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі:

1) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдарды уақытша жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдасын;

2) халықтың нысаналы топтарына жататын адамдарды жұмысқа орналастыруда көмек көрсетуді қамтамасыз етсін.

3. Әкімдіктің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 835 «2012 жылға Ұлан ауданы халқының нысаналы топтарын анықтау туралы» қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5–17–160 тіркеліп, 2012 жылғы 24 қаңтардағы № 7 аудандық «Ұлан таңы» газетінде жарияланған);

2) 2012 жылғы 19 қазандағы № 415 «2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 835 «2012 жылға Ұлан ауданы халқының нысаналы топтарын анықтау туралы» әкімдіктің қаулысына толықтыру енгізу туралы» қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2717 тіркеліп, 2012 жылғы 23 қарашадағы № 92 аудандық «Ұлан таңы» газетінде жарияланған).

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Ибраева жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұлан ауданының әкімі*

*С. Туленберген*